



кедендік бақылауға алынатын тауарларды тасымалдауда сапалы кедендік бақылауды қамтамасыз ету үшін ұмтылып,

Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің шегінде кедендік тәртіпке сәйкестендіру жолымен тауар тасымалдаудағы көмекті жеңілдетуді қалай отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

## I. Жалпы ереже

### 1-бап

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарының ережелерін есепке ала отырып, Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің кедендік органдары арасында тасымалданатын (одан әрі - Хаттама) тауарлар мен көлік құрал-жабдықтары үшін осы кедендік бақылау туралы Хаттамаға сәйкес Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің кедендік органдары арасында тасымалданатын тауарлар мен көлік құрал-жабдықтары кедендік бақылауға жатады.

### 2-бап

1998 жылғы 22 қаңтардағы Кеден одағына қатысушы-мемлекеттер аумақтары арқылы өтетін транзиттің бірыңғай шарттары туралы Келісімге қарама-қайшылықсыз, ішінара, Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің кедендік органдары арасында транзитпен тасымалданатын тауарлар үшін бақылау барысында осы Хаттаманың ережелері қолданылады.

### 3-бап

Осы Хаттамада, Достастық Тәуелсіз Мемлекеттердің қатысушы-мемлекеттері кеден заңдары негізінде бекітілген, 1995 жылғы 10 қаңтардағы Достастық Тәуелсіз Мемлекеттерінің бас мемлекеттері Кеңесінің шешімінде қабылданған терминдер, сондай-ақ келесі мағынадағы терминдер пайдаланады.

1) Кедендік жөнелту органы - Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің кедендік органы осы мемлекеттің кедендік шекарасында орналасқан, Кеден одағына қатысушы-мемлекеттерінің кеден аумағы арқылы үшінші елден әкелінетін тауарлар мен көлік құрал-жабдықтарын және сонымен қатар кедендік бақылауға жататын тауарлар мен көлік құрал-жабдықтарын жеткізу процедураларына орналастырады.

2) Кедендік белгілеу органы - Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің, кедендік бақылауға жататын тауарларды жеткізу процедурасын аяқтайтын кедендік орган.

3) Кеден аралық орган - біріншіден жолдағы тауарлар мен көлік құрал-жабдықтарға кеден органдарының еріп отыруы Кеден одағына қатысушы-басқа мемлекеттердің кедендік аумағында оларды жөнелтуші кеден органынан белгіленген кеден органына тасымалдау барысында және бұл шекарада кедендік бақылау тоқтатылған мемлекеттердің ортақ шекарасы арқылы осындай тауарлар мен көлік

құрал-жабдықтары әкелінетін аймақтық қызмет органы.

4) Кедендік анықтау органы - Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің, екі мемлекеттер арасындағы мемлекеттік шекара арқылы, әуежайлар, теңіз (өзен) порттарына қоса олардың қызметтері арасындағы тікелей хабарды жүзеге асыратын аймақтық өткізу пункті бар кедендік орган.

5) Кедендік бақылауға жататын тауарларды жеткізу процедурасы (кедендік бақылауға жататын тауарды жеткізу) - экономикалық саясат шараларын қолданбай, құнына, акциздерге басқа салықтарға салық қосуды өндіріп алу кеден органына жүктелген тауарларды, көлік құрал-жабдықтарын және олардың құжаттарын жіберуші кеден органдарынан белгіленген кеден органдарына дейін кедендік бажды алмай кедендік бақылаумен құжаттарды тасымалдау.

II. Ортақ шекараларда кедендік бақылау тоқтатылған жағдайда,  
Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің кедендік органдары  
арасында тасымалданатын тауарлар мен көлік  
құрал-жабдықтарына кедендік бақылау

#### 4-бап

Орталық шекаралар арасындағы кедендік бақылау тоқтатылған жағдайда, Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарының ережелерін есепке ала отырып Хаттаманың осы тармағына сәйкес Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің кедендік органдары арасында тасымалданатын тауарлар мен көлік құрал-жабдықтар кедендік бақылауға ж а т а д ы .

#### 5-бап

Тараптар кедендік бақылауға және кейінгі тауарларды кедендік бақылауға жеткізудің бірыңғай тәртібін қабылдауды сәйкестендіруге қажетті шараларды қ о л д а н а д ы .

#### 6-бап

Жеткізілген тауарлар үшін бақылау құжаты ретінде жеткізілген тауарлар үшін сәйкестендірілген түрдегі бақылау құжаты (ЖҚБ), немесе кітапша ХЖТ (жүктерді халықаралық тасымалдау туралы Кедендік конвенцияларға сәйкес тауарларды тасымалдау барысында, 1975 жылғы ХЖТ кітапшасын бірге қолдану).

Халықаралық келісімдер негізіне мемлекеттер Тарабына жеткізілген тауарларға бақылау тәртібі ретінде құжаттар, халықаралық келісімде белгіленген мәліметтер және осы бапта белгіленген басқа да құжаттар пайдаланылуы мүмкін.

#### 7-бап

Кеден аралық органдар, Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің кедендік органдары арасында кедендік бақылауға жататын тасымалданушы тауарлар мен көлік құрал-жабдықтарды әкелу үшін бақылау белгіленген мемлекеттер аумағында жүзеге асырады.

#### 8-бап

Белгіленген кеден органы тауарлар мен көлік құрал-жабдықтарының келуі бойынша жіберген кеден органдарына тауарлар мен көлік құрал-жабдықтарды жеткізу процедураларының аяқталғаны туралы хабарлайды.

#### 9-бап

Тауарлар мен көлік құралдарын орынды түрде жабдықтаған жағдайда немесе тасымалдау жүзеге асырылатын осы аумақ бойынша Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің кеден заңдарын сақтауды қамтамасыз ету бойынша келесі шараларды орындағанда ғана, осы Хаттамаға сәйкес жүзеге асуы мүмкіндігін Тараптар мемлекеттерінің орталық кеден органдары белгілеуге құқылы:

кедендік тасымалдаушылармен тауарларды тасу;

1998 жылғы 8 желтоқсанда Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің кедендік органдары арасында тауарларға кедендік ілесе баруы туралы соның ішінде Хаттамаға сәйкес тауарларға кеден ілесе жүреді;

кедендік төлем төлеуді қамтамасыз ету.

#### 10-бап

Кедендік төлем төлеуді қамтамасыз ету Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің ұлттық заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Кедендік төлем төлеуді қамтамасыз ету ретінде келесі шаралар қолданылуы мүмкін:

Банкі кепілдігі немесе басқа несие мекемелері;

Тауарларға немесе көлік құрал-жабдықтарына кепілдік;

Кедендік органдар депозитіне төлеуге тиесілі ақша қаражатын енгізу;

Кепілгерлік келісім;

Қатысушылары Тараптар мемлекеттері болып табылатын, халықаралық келісімге сәйкес бекітілген басқа да шаралар.

Кедендік төлем төлеуді қамтамасыз етуге тиесілі ақша қаражаты кедендік органдар депозитіне енгізу тәртіп ретінде белгіленген кедендік органында жүзеге асырылады.

Кедендік органдар кедендік төлем төлеуді қамтамасыз етуді өзара сәйкестендіру шаралары негізде қарастырады.

#### 11-бап

Тараптар мемлекеттерінің кедендік органдары жеткізілген тауарларды бақылау үшін пайдаланылатын сәйкестендіру құралдарын пайдаланады.

#### 12-бап

Тараптар мемлекеттері орталық кедендік органдары осы Хаттамаға қол қойылғаннан кейін алты ай ішінде:

Кедендік бақылауға жататын тауарларды жеткізудің тауарларға бірыңғай тәртібін әзірлейді және қызметке енгізеді;

Кедендік бақылауға жататын тауарларды жеткізудің бірыңғай тәртібіне өзгерістер мен толықтырулар енгізудің келісу механизмін әзірлейді және қызметке енгізеді;

Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйелер шегінде ақпараттарды алмасу бойынша электрондық хабардың мазмұны және оны толтыру мен форматы келісуде бірыңғай тәртіп қабылдайды, жеткізілген тауарларға бақылау құжаттардың сәйкестендірілген түрін қызметке енгізеді (ҚБЖ);

Осы Хаттаманы тарату үшін қажетті, басқа да нормативті актілерді қабылдайды.

#### 13-бап

Тараптар мемлекеттерінің орталық кедендік органдары Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің кедендік органдары арасында ақпараттар алмасуды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттар жүйесін әзірлейді.

III. Орталық шекарадағы кедендік бақылау тоқтатылған жағдайда, Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің кеден органдары арасында тасымалданатын тауарлар мен көлік құрал-жабдықтарына кедендік бақылау

#### 14-бап

Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің кедендік органдары арасында тасымалданатын тауарларға кедендік бақылау, ортақ шекаралар арасында кедендік бақылау тоқтатылмаған жағдайда, осы мемлекеттердің кедендік органдары арасында өзара көмекті ұйымдастыру жолымен Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңына сәйкес кедендік бақылауды бірлесе өткізеді.

#### 15-бап

Араларында өзара көмекті ұйымдастыруы мүмкін:

Кеден одағына қатысушы-мемлекеттер орталық кеден органдарымен;  
Кеден одағына қатысушы-мемлекеттер жекелеген кеден органдарымен;

Кеден одағына қатысушы-мемлекеттер жөнелтуші кеден органдарымен және белгіленген кеден органдарымен.

#### 16-бап

Тараптар мемлекеттерінің кедендік органдары өзара көмекті ұйымдастыруда және кедендік бақылауды бірлесе өткізуде келесі әдістерді және формаларды пайдаланады:

Кеден органдары арасында тауарлар мен көлік құрал-жабдықтарын тасымалдау туралы ақпараттарды алмасу;

Кедендік бақылаудың бірлескен технологиясын (ақпараттық технологияны қоса) әзірлеу және енгізу;

Бірлескен кедендік жүктеулермен тексеріс өткізу;

Автоматтандырылған ақпараттық жүйе құру;

Тараптар мемлекеттерінің орталық кедендік органдары арасындағы келісім бойынша басқа да әдістер мен формалар.

#### IV. Қорытынды ереже

#### 17-бап

Тараптардың орталық кедендік органдары осы Хаттаманы орындау үшін қажетті мүлікті уақытша пайдалануға өтеусіз негізде байланыс құралдары мен есептеу техникаларын, оған қоса бірлескен ақпараттық технологияны беруде бір-біріне техникалық көмек көрсетеді.

#### 18-бап

Осы Хаттама Тараптардың бұрын жасасқан халықаралық шарттар бойынша олардың міндеттеріне кедергі жасамайды.

#### 19-бап

Осы Хаттаманы түсіндіруде және қолдануда, Тараптар міндеттерін орындау барысында туындаған таластар мен келіспеушіліктер, Тараптар мемлекеттерінің орталық кедендік органдары арасында консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі, келісілген шешімдер болмаған жағдайда, 1998 жылғы 24 ақпандағы Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациялары Интеграциялық Комитеттің шешімімен құрылған, Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің кедендік қызмет басшылары Кеңесіне қарауға шығарылады.

#### 20-бап

Тараптар арасында өзара жазбаша келісім бойынша осы Хаттамаға енгізілуі мүмкін өзгерістер мен толықтырулар жеке қосымшалармен толтырылып оның, яғни

Хаттаманың бөлінбейтін бөлігі болып табылады.

#### 21-бап

Осы Хаттама, 1998 жылғы 22 қаңтардағы Кеден одағына қатысушы-мемлекеттердің аумағы арқылы транзиттің бірыңғай шарттары туралы Келісімге Кеден одағы туралы келісімге, осы Хаттама ережелерін мойындай отырып оны қосылу сәтінен бастап толық көлемде орындауға дайындығын білдіруші кез келген мемлекет үш і н а ш ы қ .

#### 22-бап

Осы Хаттаманың Депозитарилері Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикаларының Интеграциялық Комитеті болып табылады.

#### 23-бап

Тараптардың әрқайсысының осы Хаттамаға сәйкес қабылданған өз міндеттемелерін алдын ала реттей отырып, шығуға дейін үш ай бұрын депозитарийге өзінің ниеті туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Хаттамадан шығуға қ ұ қ ы ғ ы б а р .

#### 24 - б а п

Осы Хаттама, Тараптардың мемлекетішілік рәсімдерге барлық қажеттілікті орындағаны туралы соңғы хабарламаны депозитарийден алған күннен күшіне енеді.

2000 жылғы 17 ақпанда Мәскеу қаласында бір түпнұсқа данада, орыс тілінде жасалды.

Түпнұсқа дана әр Тарапқа оның расталған көшірмесін жіберетін Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикаларының Интеграциялық Комитетінде сақталады.

Б е л а р у с ь	Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Үкіметі үшін	
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Үкіметі үшін	
Қ ы р ғ ы з	Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Үкіметі үшін	
Р е с е й	Ф е д е р а ц и я с ы н ы ң
Үкіметі үшін	
Т ә ж і к с т а н	Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Үкіметі үшін	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК